

*Е.А. Әлімжанов<sup>1</sup>, А.Ш. Махаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Тарих және құқық институтының 2 курс магистранты*

*<sup>2</sup> тарих ғылымдарының докторы, профессор  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

## **МАРЖАНИ – ТАҒЛЫМЫ МОЛ ТАРИХШЫ**

### *Аңдатпа*

Мақалада XIX ғасырдағы көрнекті шығыстанушы, түркі халықтары тарихының білгірі, философ, ағартушы Шиһабеддин Маржанидің өмір жолы және түркі халықтары тарихын жазудағы ғылыми қызметі жайы қарастырылады. Көрнекті тарихшы Ш. Маржани тарихи үрдісті халықтың рухани дамуының көрінісі іспеттес деп есептеді және халықтардың тарихтағы рөлі оның жалпыадамзаттық мәдениетке қосқан үлесімен өлшенеді деп санады. Ш.Маржанидің бір өзінің қаламынан отыздан аса еңбек шыққан. Тарихтың танымдық және тәлімгерлік маңызын бағалай отырып, Ш.Маржани тарихқа өмір мектебі секілді қарады, Ол тарихи өткенді білу халықтың болашағын айқындайтын шарттың бірі деп түсінді. Оқымыстының пікірінше, өткенді білмеу халықтың өзіне деген сенімін азайтады, ал өркениетті халықтар өз жадында тарихи өткен оқиғаларды сақтайды және оған құрметпен қарайды. Халықтың өзін-өзі тануына және бірлігіне шақыра отырып, тарихшы халықты өткенді білуге және тарихи, сондай-ақ мәдени мұраларды мәдени сабақтастықты сақтауға үгіттейді. Мақала авторлары Ш.Маржанидің еңбектерінде тарихи мәселелерге ғылыми тұрғыдан келуге және тарих методологиясы мен пән туралы ғылыми тұжырымдар жасауға талпыныс бар екенін баса көрсетеді.

**Тірек сөздер:** Ғылым, Маржани, методология, тарих, түркі халықтары.

*<sup>1</sup>E.A. Alimzhanov, <sup>2</sup>A.Sh. Makhaeva*

*<sup>1</sup> master of 6M011400-History, Institute of History and Law, Kazakhstan at Abai KazNPU,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup> doctor of historical sciences, associate professor KazNPU named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan*

## **MARJANI - DISTINGUISHED HISTORIAN**

### *Abstract*

The article discusses the life path and scientific activity on the development of the history of Turkic-speaking peoples of a prominent orientalist and expert on the history of Turkic peoples, a philosopher, educator of the XIX century Shigabutdin Marjani. The article discusses the life path and scientific activity on the development of the history of Turkic-speaking peoples of a prominent orientalist and expert on the history of Turkic peoples, a philosopher, educator of the XIX century Shigabutdin Marzhani. The outstanding historian S. Marjani understood the historical process as the spiritual development of peoples and he considered the contribution of universal culture to be a criterion for assessing the role of peoples in history. Only one S. Marzhani was written more than thirty works. S. Marzhani looked at history as a school of life, emphasizing its cognitive and educational significance. He considered the study of the historical past to be a necessary condition for ensuring the future of the people. According to the scientist, ignorance of the past will lead to a weakening of peoples into themselves, and civilized peoples with great respect keep in memory their historical past. The scientist calls on the people to study and preserve their historical and cultural heritage, advocating the awakening of self-consciousness and unity, as well as proving cultural continuity. The authors of the article emphasize that in the works of Sh. Marzhani for the first time an attempt is made to take a scientific approach to historical issues, for the first time they touch upon the methodology of history and scientific theories about the subject. The authors of the article emphasize that in the works of Sh. Marzhani for the first time an attempt is made to take a scientific

approach to historical issues, for the first time they touch upon the methodology of history and scientific theories about the subject.

**Keywords:** Science, Marjani, methodology, history, Turkic peoples.

*Алимжанов Е.А.,<sup>1</sup> А.Ш. Махаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> магистрант по специальности 6М011400 – История,  
Института Истории и права при КазНПУ им. Абая.*

*г.Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup> Доктор исторических наук, профессор Института истории и права КазНПУ им. Абая,  
г.Алматы, Казахстан*

## **МАРЖАНИ - ВЫДАЮЩИЙСЯ ИСТОРИК**

### *Аннотация*

В статье рассматривается жизненный путь и научная деятельность по разработке истории тюркоязычных народов видного востоковеда и знатока истории тюркских народов, философа, просветителя XIX века Шигабутдина Маржани. Выдающийся историк Ш. Маржани понимал исторический процесс как духовное развитие народов и он считал критерием для оценки роли народов в истории является их вклад общечеловеческую культуру. Только одним Ш.Маржани было написано более тридцати трудов. Ш.Маржани смотрел на историю как на школу жизни, подчеркивая ее познавательную и воспитательную значимость. Он считал изучение исторического прошлого является необходимым условием обеспечения будущности народа. По мнению ученого незнание прошлого приведет к ослаблению народов в себя, а цивилизованные народы с большим уважением хранят в памяти свое историческое прошлое. Ученый призывает народ к изучению и сохранению своего исторического и культурного наследия, выступая за пробуждение самосознания и единства, а так же доказывая культурную преемственность. Авторы статьи подчеркивают, что в трудах Ш. Маржани впервые дается попытка научного подхода к вопросам истории, впервые в них затрагиваются методология истории и научные теории о предмете.

**Ключевые слова:** Наука, Маржани, методология, история, тюркские народы.

Жаңа заманда ескі дәстүрден арылу барысы қоғамдық өмірде тарихи ойдың да жаңғыруын талап етті. Осындай жағдайда түбі бір түркі халықтарының да өзінің түп тарихын білуге деген құлшынысы да арта түсті. XIX ғасырдың ұлы ойшылы, ой-пікірлері жәдидшілдік қозғалысына негіз болған, көзі тірісінде-ақ әлемге аты әйгілі болған мәшһүр ғалым Шихабеддин Маржани сияқты тарихшылар түркі жұртының тарихын жазуда зор еңбек сіңірді. Бірақ оның есімі кеңестік дәуірде кеңінен насихаттала қойған жоқ, соның нәтижесінде, оның түркітанудағы рөлі, түркі халықтары тарихы мен мәдениетінде, қоғамдық ой дамуында алар орны толығымен ашыла қоймады, әрі «татар буржуазиялық тарих ғылымының өкілі» деген айдар тағылған соң, ұзақ жылдар тарихи тағлымы мол еңбектері өзге тілдерге аударылмай көпшіліктің назарынан тыс қалдырылып келді. Дегенмен де соңғы кезде жарық көре бастаған зерттеулер маржанитанудың қолға алына бастағанын, сеңнің сөгілгенін аңғартқандай [1, 64-6.].

Ш. Маржани 1818 жылы 16 қаңтарда Қазан қаласының тубіндегі Ябынчы (Маржан) селениесінде діни қызметкердің отбасында дүниеге келген. Әкесі Бағаулдии, атасы Субхан өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу, білімді азаматтары болған. Ташкичу селосының имамдығына сайланған әкесі сол жерде медресе ашады. Бала Шаһабутдин алғашында осы медреседе білім алады. 17 жасқа келгенде, әкесіне медресе оқушыларын тарбиелеуге қолғабыс бере бастайды. Ал 20-ға толған шағында білімін жетілдіру түсу үшін арман аркалап Бұхара қаласына келеді. Ш.Маржани Самарқандағы атакты «Ширдар», онан соң Бұқарадағы«Мір-арабты» медресесінде оқиды. Сөйтіп, Ш. Маржани Бұхара мен Самарқанда болған сәттерінде араб, парсы тілдерін, философия және тарих, сондай-ақ астрономия, математика және геометриямен айналысып, Шығыстың ғұлама ойшылдары әл-Фараби, әл-Бируни, ибн-Сина, ибн-Рушд, әл-Маари, ибн-Халдун тағы басқалардың мұраларымен, Саади, Фирдоуси, Хайям, Низами, Руни, Навои және басқа ақындар шығармаларымен жақын танысады. Кейіннен өзі жазған «Муқаддима кітаб вафийат әл-аслаф ва тахийат әл-ахлаф» («Өткендерге салауат, ұрпақтарға өсиет») атты еңбегінде (1883 жылы жазылған) Ибн Синаға, әл-Фарабиге, әл-Бируниге және т.б. ғұмырнама жазып, олардың творчествосына сипаттама береді [2, 5-6-б.].

1849 жылы туған жеріне, Қазанға оралып, мешіттің имамы және оның жанындағы медресенің мударрисі қызметіне тұрады. Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамының мүшелігіне сайланады. Археология, тарих және этнография қоғамында сол кездегі көрнекті ойшыл өкілдер көп жиналған болатын. Шығыс тілдерінің білгірі Ш.Маржани қоғамның жұмысына қызу атсалысады. Ол дінтану, философияға ден қойып, тарихи еңбектер жаза бастайды. XIX ғасырда Шығысты зерттеу Еуропаға карағанда Ресейде табысты, әрі қарқынды сипат алады. Бұл кезде ғылыми жұмыс жүргізу әдістері барынша жетілдіріле түсіп, Ресей Ғылым академиясында гуманитарлық ғылымдарға, соның ішінде шығыстануға үлкен көңіл бөліне бастаған-ды.

XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында-ақ Қазан университеті шығыстанудың ірі университеттік орталығына айналады. 1855 жылға дейін, Қазан университетіндегі Шығыс бөлімі жабылғанға дейін, мұнда К. Ф. Фукс, Х. М. Френ, И. Халфин, И. Н. Березин, И. Готвальд секілді әйгілі шығыстанушы ғалымдар жемісті еңбек етті. Ш.Маржани В.В. Радлов, А.К. Казанбек, И. Готвальд сияқты ғалымдармен араласып, ой бөлісіп, пікір алмасуға, орыс мәдениеті мен қоғамдық ой дамуымен танысуға мүмкіндік алады. Өзінің шәкірті, Петербор университетінің оқытушысы Х. Фаизханов арқылы Ш. Маржани петерборлық ориенталист В.В. Вельяминов-Зерновпен де байланыс жасап тұрады. Академик В.В. Вельяминов жақсы сыйластық белгісі ретінде өзінің «Қасымдық патшалар мен мұрагерлер туралы зерттеу» атты еңбегінің Ш.Маржаниге тарту еткен екен.

Ш.Маржани Шығыс қайраткерлері туралы энциклопедиялық сөздік жасаған Ресейдегі бірінші ғалым болды [3, с.7].

«Камско-Волжская газета» басылымының 1873 жылғы 16 қыркүйектегі нөмірі мәлімдеуіне карағанда, 1858 жылы Қашқарға барған Ш. Уәлиханов Қазанға келген кезінде университеттің кітапханасы мен баспаханасын аралаған, кейін Татар слободасында тұратын ахун Шиһабеддин Маржанидің үйіне келіп түскен. Бұл жайлы Маржанидің өзі де Шоқанның қазақ шежіресі, қазақ хандары жайлы көп мағлұмат алғанын айтып жазған болатын, Келесі бір басылым «Казанский биржевой листок» газеті 1876 жылы 22 наурызда Ш. Маржани үйінде солтүстік полярлық ғылыми экспедициясы мүшелері, соның ішінде А. Бремнің болғандығын, оларды қалада алып жүрген В. В. Радловтың А. Бреммен араб тілінде сөйлескендігін хабарлаған. Араб-парсы тілдерінде еркін сөйлеген Ш.Маржани мұндай мәртебелі қонақтарды жылы қабылдаған. Мұндай алыс-беріс кездерінде Маржани өзгелерді танып қоймай, өзін де таныта білгендігі байқалады. Қазанның ғылыми өміріне белсене қатысқан Ш. Маржани Қазан университеті жанында құрылған Археология, тарих және этнография қоғамының мүшелігіне қабылданған алғашқы мұсылман оқымыстысы еді. Профессор Е. Маловтың айтуына карағанда, үстінде жасыл шапаны, басында ақ сәлдесі бар Маржани археологиялық қоғам мәжілістеріне жиі қатынасқан.

Ш.Маржанидің Бұлғар мемлекеті мен Қазан хандығы туралы алғашқы еңбегін орыс тіліне аударып, бай деректік базасын баса көрсеткен В.В. Радлов болды. 1877 жылы Қазанда шақырылған, әр түрлі қалалардан 300-ге жуық ғалымдар қатынасқан Археология, тарих және этнография қоғамының бүкілресейлік IV съезін ұйымдастыруға және оның жұмысына белсене қатынасып, Бұлғар, Қазан тарихы бойынша баяндама жасайды. Баяндаманы өзі татар тілінде, ал В.В. Радлов орыс тілінде оқып шығады. Осы екі тілдегі баяндама мазмұны 1884 жылғы съезд материалдарымен бірге жарияланады. Білім өрісі кең оқымысты Маржани көптеген ғылым саласын игерген жан.

Көрнекті ғалым Жамаладдин Валидов «Біздің Геродот» деп Маржаниді кездейсоқ атамаса керек. Ш. Маржани тарихты ғылым деп ұққан және оның деректік материалдармен негізделуіне көп көңіл бөлген. Еділ бұлғарлары мен Қазан хандығы тарихына арналған «Мустафад әл-ахбар фи ахуали Қазан уа Бұлғар» (Қазан және Бұлғар тарихы үшін жиналған мәліметтер) еңбегінде өзінің гуманистік-ағартушылық ұмтылысын, түрік тілдес халықтар тарихын, мәдениетін терең білетіндігін жан-жақты көрсетіп берді. Ш. Маржани татар халқының, сонымен қатар Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихына ғылыми негіз салып берді. «Мустафад әл-ахбарда» қыпшақтар туралы Дешті-қыпшақтағы қазақ хандары жайлы деген арнаулы тараулар бар. Қазан, Қырым, Астрахан, Сібір хандықтары, сонымен бірге Ақ орда, Ноғай ордасы секілді мемлекеттер, олардың билеушілерінің саясаты, Шайбани әулетінен, бабуридтерден шыққан билеушілер т. б. туралы тарихи мәліметтер кеңінен қамтылған.

Ш. Маржани еңбегінде X ғасырдан XIX ғасыр дейін жазылған әртүрлі шығармалардың мәліметтеріне сүйенеді. Ибн Русте, ибн Хауқал, әл-Истахри, әл-Масуди, Әбу Нуайм, әл-Бакри (X-XI ғғ.), әл-Идриси, әл-Асир, әл-Гарнати, Якут, Казвини (XII-XIII ғғ.). Шамс әл-дин әл-Шамс ал-

дин ад-Димашки, Абдул Фадл Бинакати, ибн Халдун, ибн Баттута, әл- Айни (XIV-XV) секілді араб-парсы авторлары берген мағлұматтарды, сонымен бірге XIV-XIX ғасырлардағы түрік тілдес ғалымдардың – Бабыр, Саид Жанаби, Әбілғазы, Риза-эфенди, Асим-эфенди, Халим Гирей шығармаларын ғылыми айналымға тартқан. Ибн Теймидің еңбегімен орыс зиялыларын алғаш таныстырған оны академик В. В. Бартольд «прогресті ағымның бастау бұлағы» деп бағалаған. Ибн Фадланның қолжазбасының толық нұсқасын, Әмір-Темірдің өз қолымен жазған «Тузлуктарын» түпнұсқадан оқу бақыты Ш. Маржани үлесіне тиген. Еуропалық және орыс зерттеушілері қолына түспеген сирек те көне қолжазбалардың тізімін де Маржани тауып, оқыған екен. Жазба деректерден өзге археологиялық, эпиграфиялық жазбалар, орыс жылнамалары мәліметтеріне де ден қояды. Ш. Маржаниге орыс тіліндегі еңбектердің мазмұнын аударып, жәрдемдескен қазандық әуесқой тарихшы М. Аитов және профессор И. Готвальд, шәкірті Х. Фаизханов болды.

Ш. Маржани халықтың өзін-өзі тануы, тарихи-мәдени дәстүрлерін білуі ғана ұлттық сана-сезімнің орнығуына алып келеді деп негіздей келе, Шығыс халықтарының адамзат прогресіне қосқан үлесін жоғары бағалады және халықтарды тарихы бар, не тарихы жоқ халық деп бөлуге үзілді-кесілді қарсы болды. Батыс пен Шығыстың рухани мәдениетінің өзара әсері күшті екендігіне назар аударта білді. Тарих та, мәдениет те Еуропада дейтін еуроцентристік көзқарастағы зерттеушілерді құптамайтындығын батыл білдіре отырып, Ш. Маржани тарихи фактілерді бұрмалап көрсетуге жол берген Х. Муслими секілді жерілерестері еңбектерін катаң сынға алды.

Ш. Маржани тарихты барлық ғылыми білімнің анасы, аса маңызды күдіретті ғылым деп бағалап, өз замандастарын оған құрметпен қарауға шақырды. Ол тарихтың міндеті өскелең жас ұрпақты адамгершілікке баулу, оларды адамдар арасында болатын жаман қасиеттерден сақтандыру екенін негіздеуге күш салып, жастарды тарихқа өмір мектебі ретінде қарауға үндеп, тарихты қараңғылықтан алып шығатын шыраққа теңеді. Тарихтың тәрбиелілік функциясына баса мән берген Ш. Маржани адамгершілік қасиеттерді арттыру, жетілдіру негізінде қоғамдық прогреске кең жол ашуда өткен дәуірлердегі жағымды құбылыстар мен оқиғалардан ғана емес, жағымсыз жайттардан да тағылым алу керектігін кеңінен насихаттады [4, с. 112]. Ш. Маржанидің тарихқа деген мұндай көзқарасы бүгінгі таңда тарихтың теориялық-методологиялық мәселелерін зерттеп жүрген ресейлік ғалым Н.И. Басовскаяның «тарих бірінші кезекте, мәңгілік адамгершілік құндылықтарға жету жолындағы жетістіктер мен адасушылықтарды аңғартуы тиіс» деген пікірімен үйлесімділік табады. Ғылыми білімді діни білімге қайшы келмейді, діни наным мен ғылым бейбітқатар өмір сүре алады, ғылыми білімді насихаттау арқылы қоғамның дамуына негіз жасалады, ал дін өз кезегінде қоғамның адамгершілік тұрғыда жетілуін қамтамасыз етеді деген пікірде болған Ш. Маржани: «Ғылым һәм ағартушылықпен шұғылдану, ақыл, біліммен жетілу – салауаттылықтың көрінісі ... Зерек адамдар мен ақыл иелерінің айтуынша, ақиқаты ашық ғылым – ол ең қадірлі сипаттың бірі, ең мақтаулы жетістік. Ғылым үйрену – рақаттың һәм бақыттың ең жоғары дәрежесі. Пәк Ислам шарияты ғылым үйренуді һәм ағартушылықты жетілдіруге үгіттеп, қызықтырады» [2, 41-42-б.], – деп жазған еді.

Халықты ағарту, білімді әрі жоғары адамгершілік қасиеттегі тұлғаларды тәрбиелеу және өткен дәуірлердегі рухани мұраларды игеру дамудың қайнар көзі деп санаған Ш. Маржани тарихтың қоғамдағы рөлін жоғары бағалады. Ол тарих ғылымын бірегей теориялық әдіс негізінде жасалған білім жүйесі ретінде қарастырып, тарихшының міндеті әрбір оқиға мен құбылыстың себепт-салдарын зерттеу арқылы шынайылықты түсіндіру деп санайды. Соған орай өз шығармаларында тарихи оқиғаларды тізбектеп баяндаумен ғана шектелмей, олардың арасындағы өзара байланысты түсіндіруге баса мән берді. Осылайша, Ш. Маржани тарихилық принципке сай тарих сананы жаңғыртуға және өткен дәуірлердегі оқиғалар мен құбылыстар жайлы түсінігіміздің шынайы болуына қызмет етуі тиістігін, белгілі бір проблеманы зерттеуде өткен дәуір мен өз заманының айырмашылығын көре білу керектігін, объектіні қоршаған ортасынан бөліп алмай онымен контексте қарастыру қажеттігін қолдады.

Барлық халықтар ғылымды игеруде бірдей қабілеттілікке ие, қабілеттілік халықтардың бойына табиғаттан берілген деген тұжырым жасаған Ш. Маржани бұл жөніндегі еуроцентристік көзқарастағылардың ұстанымына бірден қарсы шықты. Сол тарихи кезеңде еуропалық ағартушылар арасында көшпелі немесе дала өркениеті өкілдерін отырықшы өмір салт пен мәдениеттің жауы, «жабайылар» ретінде көрсету, еуропалықтардың Шығыстағы үстемдігін негіздеуде еуроцентристік идеяларды методологиялық тірек ретінде пайдалану орын алған-ды. Мұндай еуроцентристік тұжырымдаманы бірқатар орыс зерттеушілері пайдаланып, патшалық Ресейдің Орталық Азиядағы экспансиялық саясатын «орыстардың өркениеттік миссиясы» ретінде,

ондағы отарлық билік орындарын жергілікті халықты еуропалық өркениетпен «байланыстырушы көпір» қызметін атқаратындығын дәлеледеуге тырысып, ұлыдержавалық мүддені жоғары қойған еді. Ш.Маржани еуроцентристік көзқарас шынайылықты көрсетпейді, керісінше, бір халықты екінші халыққа өктем билік жүргізуін, яғни еуропалықтардың үстемдігін ақтауға бағытталған ұстаным деп бағалады. Осыған орай ол өз еңбектерінде Орталық Азия мен Еділ-Жайық өңірлерінде және басқа да мұсылмандық Шығыс аймақтарта озық өркениет ошақтары мен әлемге танымал ғұламалардың болғанын ашып көрсетуге ден қойды.

Мұсылмандық оқу жүйесін түбегейлі өзгертудің, жәдидшілдіктің бастамасын көтерген де Ш. Маржани болды. Ол мұсылмандық жана жүйедегі оқу құралын жасап, онда медреселерден схоластикалық мазмұндағы, пайдасыз кітаптардың алынып тасталуын, медреселерде дүниауи ғылымдардың және орыс тілінің, сонымен қатар құран-хадис пен ислам тарихының оқытылу қажеттілігі айтылады.

Ш.Маржанидің философиялық көзқарастары өз алдына жеке бір тақырып. Дегенмен де, Ш. Маржанидің дінді ғылым жолымен танып-білуге болатынын жақтады, жаратушы-құдай идеясын жоққа шығармады, табиғат пен құдайдың мәңгілігі идеясы бойынша әл-Фараби, ибн Сина және ибн Рушд ұстаған бағытта болды.

«Ғылым білім жинау арқылы келеді, сондықтан оған жау болғандарды ақтаудың еш жөні жоқ. Білім мен ғылымды сөгу, оның маңызын мойындамау – надандық пен сауатсыздық белгісі», – деп баса көрсетіп, Ұлықбектей ғалымдарды, олардың еңбектерін аса жоғары бағады.

«Ақли ғылым ай басында» деген қанатты сөз қалдырған Ш. Маржани алғашқылардың бірі болып, бүгіндері туылғанына 1150 жыл толып отырған ғұлама бабамыз, ұлы ойшыл әл-Фарабидің Фараб қаласынан шыққанын, оның түбі түркі екенін «Вафийат әл-асляф» [3] деген еңбегінде жан-жақты дәлелдеп жазады. «Абай және оның дүниетанымы туралы айтқанда ой-танымының, әсіресе шығыстық-діни терең толғамдарының қалыптасуына ықпал еткен тұлғалар туралы тоқталмай кету әсте мүмкін емес. Абайға әсер еткен сондай тұлғаның бірі де бірегейі татар халқының ұлы перзенті Ш. Маржани екені белгілі. ... Абай дүниетанымы мен Алаш қайраткерлерінің жаңашыл бағыттағы батыл ойларының астарына терең үңіліп, әділ баға беру үшін Маржани мұрасының жете зерттелуі керек деп ойлаймыз» [5], – деп жазады қазақстандық ғалым Д.Қыдырәлі. Оның «Абай және Маржани дүниетанымы» еңбегі татар ақпарат көздерінде Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай кең насихатталғаны қуантады.

Жалпы, Ш.Маржанидің тарихи тақырыпқа жазған 30-дан аса шығармалары [6, с.175] түркітану ғылымының дамуына игі әсерін тигізді. Ш.Маржани өз еңбектерінде діни-реформаторлық, ағартушылық идеяларын дамытты, татарлардың тарих ғылымының бастауында тұрды, түркітану ғылымының дамуына үлкен үлесін қосты. Қорыта келе мынадай ұсыныс білдіруге болады:

- Ш.Маржани еңбектерін қазақ тіліне аудару;
- Ш.Маржани мұраларын көпшілікке кеңінен таныстыру;
- Түркі халықтары тарихын дайындауда Ш.Маржани мұраларын пайдалану;
- Маржанитанудың қазақстандық тарихнамасын қалыптастыру және т.б.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Махаева А. Шаһабутдин Маржани – түркі халықтарының Геродоты // Ақиқат. – 2000. – № 5. – 64-67-б.
- 2 Мәржани Ш. Мәстәфадел-әхбар фи ахвали Казан вә Болгар (Казан һәм Болгар хәлләри турында файдаланылған хәбарләр). – Казан: Татар. кит. нәшр., 1989. – 415 б.
- 3 Марджани Ш. Вафиат ал-аслаф ва тахиат ал-ахлаф (Подробное о предшественниках и приветствие потомкам) / Перевод с арабского, комментарии, вступительная статья и примечания А.Н.Юзеева. – Казань: «Иман», 1999. – 125 с.
- 4 Юсупов М.Х. Шаһабутдин Маржани как историк. – Казань: Татарское кн. изд-во, 1981. – 232 с.
- 5 Қыдырәлі, Дархан. Абай және Маржани дүниетанымы / Д. Қыдырәлі // Егемен Қазақстан. – 2020. – 19 ақпан.
- 6 Очерки Марджани о восточных народах. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2003. – 175 с.

**List of literature used:**

- 1 Makhaeva A. Shahabuddin Marjani-Herodotus of the Turkic peoples / / truth. – 2000. - No. 5 – - pp. 64-67.

- 2 Marzhani Sh. *Mustafadel-Ahbar Fi ahvali Kazan WA Bulgar (Kazan and bulgar khallari on tour faidalanylgn khabarlar)*. - Kazan: Tatar. the whale. "no," I said., 1989. - 415 P.
- 3 Margani Sh. *Wafiat Al-Aslaf WA Tahiat Al-ahlaf (Read more about predecessors and advantages) / translation with Arabic, comments, introductory article and reference by A. N. Yuzeeva*. - Kazan: "Iman", 1999 – - 125 P.
- 4 Yusupov M. H. *Shahabutdin Marjani as a historian*. - Kazan: Tatarskoe KN. izd-Vo, 1981 – - 232 P.
- 5 Kydyrali, Darkhan. *Abay and Marjani worldview / D. Kydyrali / / Egemen Kazakhstan*. - 2020. - February 19.
- 6 essays by Marjani on Eastern peoples. - Kazan: Tatar. KN. izd-Vo, 2003 – - 175 P.